

«Бала тілі – бал!» вариативтік компонент

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдері	дидактикалық ойын
1	«Білім еліне саяхат»	Білім әлемі туралы түсінік беру. «1 Қыркүйек – Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Саяхат жасау арқылы балаларға білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту. Балалардың сөйлеу тілін, мәнерін дамыту. Балабақша туралы ұғымдарын кеңейту.	сұрақ-жауап, көрсету. Жұмбақтар шешу.	«Ғажайып қоржын» шарты: ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар: ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.
2	«Отбасым байлығым!»	Балаларды өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Отбасы мүшелерін атауды және отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы туралы түсінік қалыптастыру. Сөздік қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.	«Бір сөзбен ата» шарты: сурет арқылы отбасы мүшелерін атау. Бір сөзбен «кімдер?» неден сұраққа жауап беру.
3	«Денсаулық зор байлық!»	Адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру. Денсаулыққа пайдалы және зиянды заттарды ажыраты білуге, күн тәртібін сақтауды үйрету. Балалардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Денсаулық туралы өз ойларын айтқызу арқылы сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін дамыту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Болады, болмайды» шарты: дұрыс тамақтану ережесін еске сақтай отырып, суреттер арқылы тағам түрлерін көрсетеді, ал балалар оларды адамға пайдалы тағамды «болады» деп, зиянды тағамды «болмайды» деп айту керек.
4	«Күз байлығы»	Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып жеткізу. Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу. Күзгі өнімнің адам денсаулығына пайдалы дәрумендерге бай екендігі туралы түсініктерін молайту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Кім жылдам?» шарты: себеттің айналасында жемістер мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек.
5	«Өсімдіктер әлемі»	Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Не болар еді?» шарты: сұрақтарға жауап беру. -«Күн жоқ болса, не болар еді? -Ауа жоқ болса, не болар еді? -Су жоқ болса, не болар еді?»
6	«Ертегілер әлемі» ертегі	Балаларды ертегілер еліне саяхатқа шақыру. Ертегіге зейінін аударып, ертегіге деген қызығушылығын	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Бұл кім?» шарты: ертегі әлемі кейіпкерлерінің

		арттыру. Оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету. Кейіпкерлерді сомдауға, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажыра білуге дағдыландыру. Ертегінің мазмұнын түсініп, өз сөздерімен, ойымен еркін айта білуге баулу.		суреттері берілген. Сол суреттердің ішінен осы ертегі кейіпкерлерін табу. Ертегінің мазмұнын түсіну.
7	«Жыл мезгілдері»	Жыл мезгілінің ерекшеліктерін сипаттауын дамыту, жыл мезгілдерін атау, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру. Сондай-ақ жыл мезгілдерінің айларын ретімен атай алуға, әр айдың ерекшелігін сезініп, сипаттай білуге дағдыландыру.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Бұл қай кезде болады?» шарты: жұмбақ арқылы жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін еске түсіру арқылы қай мезгіл екенін табу керек.
8	«Еңбек түбі-береке»	Күзгі өнімдерді жинаудағы отбасының еңбегі туралы әңгімелеу. Балаларға "Ас атасы нан" туралы толық түсінік беру. «Нан бізге қайдан келді?» және қандай еңбекпен келетіні туралы түсіндіріп өту. Нанды құрметтеуге, ысырап қылмауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Нан дастарханға қайдан келеді?» шарты: нан тағамының пайда болу мен келу жолын суреттер арқылы ретімен орналастыру.
9	«Құстар біздің досымыз»	Құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін, олардың тіршілігі туралы толық мағлұмат беру. Оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету. Жыл құстарымен қыстап қалатын құстарға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Топтастыр» шарты: жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды суреттер арқылы ажырату.
10	«Төрт түліктің төрегілі»	Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы толық мағлұмат беріп білімдерің тереңдету. Олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін толықтыру. Адамның үй жануарларына деген қамқорлық көрсету қажеттігін, қалай күтіп-баптау қажеттігін айту, тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Төлдерін тап» шарты: төрт түліктің төлдерін атап, айырып ату.
11	«Жабайы жануарлар»	Балаларға жабай жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың мекендейтін жерін, немен қоректенетінін және әр кезеңде қандай болатыны туралы түсіндіру. Олардың тіршілік әрекеті туралы мағлұмат беру. Балалардың ойын жеткізуіне сөздік қорын молайту.	Түсіндіру, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Ненің қимылы?» шарты: педагог бір ойыншы балаға жабайы жануардың атын атайды, ойыншы бала оның жүрісін салады. Қалған балалар қай жануар екенін табу керек.
12	«Теңіз тұрғындары»	Теңіз мекендеушілері мен балықтар туралы білімдерін кеңейту. Су асты әлеміне саяхат жасау арқылы олардың тіршілігімен таныстыру, қызығушылықтарын	Сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, түсіндіру.	«Артығын тап» шарты: суреттердің ішінен су асты әлеміне жатпайтын жануарды табу

		ояту.		керек.
13	«Біздің президентіміз»	Балаларды Отан сүйгіштігін арттыру, патриоттық сезімдерін ояту, «1-желтоқсан Тұңғыш Президент күні» екенін түсіндіру. Жас ұрпаққа президентіміздің сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту.	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру.	«Суретші қай жерден қателесті» шарты: берілген суреттен қателікті тауып атау.
14	«Менің Қазақстаным»	Қазақстан мемлекетіміз туралы толық мағлұмат беру. Еліміздің көрікті жерлерімен таныстыру. Туған елге мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. Өз еліне,туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Сұрақ-жауап арқылы балалардың ойларын тыңдау, сөздік қорларын арттыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Менің сүйікті қалам» шарты: балалар дөңгелене шеңберде тұрады. Ойын бастаушы «Сүйікті қалаңды ата!» деп, допты бір балаға лақтырады. Бала жауабын айтып, келесі балаға допты жалғастырады.
15	«Еліміздің Рәміздері»	Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыруды жалғастыру, авторларын жатқа айта білуге дағдыландыру. Рәміздерді атап, тақпақ, өлеңдер айту арқылы тіл байлықтарын молайту. Рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, тәжірибе жасау.	«Туды тап» шарты: барлық мемлекеттің туларының ішінен өз елінің туын тауып айту.
16	«Ел жүрегі - Астана»	Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы жайлы білімдерін жетілдіру. Астана туралы әңгімелей отырып білімдерін толықтыру. Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерін білу және шығармадағы негізгі ойды ашу. Жатқа айту, есте сақтау, түсінік дағдыларын дамыту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тәжірибе жасау.	«Кім шапшаң?» шарты: педагог сұрақтар қояды. Ал балалар сол сұрақтарға шапшаң, дәл, нақты жауап беру.
17	«Достық әлемі»	«Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Достық, татаулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достыққа қадірлей білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Жылыулық шеңбері» шарты: балалар шеңбер бойымен тұрып, өз достарына допты лақтыру арқылы достық тілектерін арнайды.
18	«Ас-адамның арқауы!»	Балаларға дұрыс тамақтану жөнінде түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың азық-түліктер туралы білімдерін кеңейту. Үйде және балабақшада азық-түліктерді дұрыс қолдану «жуу, тазалау) және дайындауды, дұрыс тамақтану ережесін үйрету, азық-түліктің құрамындағы дәрумендердің түрлерімен таныстыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Болады, болмайды» шарты: дұрыс тамақтану ережесін еске сақтай отырып, суреттер арқылы тағам түрлерін көрсетеді, ал балалар оларды адамға пайдалы тағамды «болады» деп, зиянды тағамды «болмайды» деп айту керек.
19	«Отпен ойнама!»	Балаларға өрттің қаншалықты қауіпті екендігі туралы түсіндіру. Қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін	Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын, тәжірибе жасау.	«Су мен от» шарты: педагог «от» деген кезде балалар орнынан тұрады, «су» деген

		ұғындыру. Өрт сөндірушілердің қалай жұмыс жасайтындарын көрсете отырып, осы мамандыққа деген құрмет сезімдерін күшейту.		кезде тез отырады. Ойын осылай жалғасады. Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.
20	«Қыс қызықтары» «Кәрі аяз бен жас аяз» ертегі	Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды ертегі тыңдауға, оның мазмұнын айтып беруге үйрету. Өз ойларын жеткізе білуге баулу. Ертегідегі кейіпкерлердің істерін салыстыра талдауға үйрету.	Сурет бойынша әңгімелеу, жұмбақ, сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын.	«Сыңарын тап» шарты: бірнеше қыстық киім берілген, сол киімдердің ішінен сыңарын тауып қою керек.
21	«Су - тіршілік көзі»	Судың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Судың үш түрлі қасиетін түсіндіру. Суды үнемдеу, қадірлейге тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.	«Тез айт, сөз айт» шарты: суреттер берілген судың үш түрлі күйін атап айту керек.
22	«Көліктер»	Көліктер туралы түсініктерін кеңейту. Көліктің түрлерімен таныстыру. Көліктің атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Не қайда жүреді?» шарты: көліктің түрлерін ажыратып қай көлік қайда жүретінін тауып айту.
23	«Жол жүре білесіз бе?»	Балалардың жолда жүру ережелері туралы білімдерін жетілдіру және жолда жүру тәртібін қалыптастыру. Ойын арқылы бағдаршам қызметін білуге үйрету. Жолда жүру ережесін сақтаудың маңыздылығын сезіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Бағдаршам» шарты: педагог бағдаршам түстерін атайды: қызыл-отырады, сары-орнынан тұрады, жасыл-жүреді. Ойын бірнеше рет қайталанады.
24	«Еліміздің байлықтары»	Еліміздің табиғат байлықтары (мұнай, көмір, мақта, күріш, ұн, қант, көкөністер мен жемістер, күнбағыс майы (күнбағыстың дәні) туралы білімдерін кеңейту. Өз қаламыздың байлығы туралы ойларын тыңдау, сөздік қорларын кеңейту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Пайдалы қазбалар» шарты: сурет арқылы ел байлықтарының қай қалада өндірілетінін айту керек.
25	«Көктем келді, алақай!»	Көктем мезгілін сипаттау. Балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Жыл мезгілдері туралы білім беру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Бұл қай кезде болады?» шарты: жұмбақ арқылы жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін еске түсіру арқылы қай мезгіл екенін табу керек.
26	«Менің елімнің салт-дәстүрлері»	Балаларды ұлттық салт-дәстүрлерімен таныстыру. Балаларға бесікке салу, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Салт-дәстүрге қызығушылықтарын ояту. Елінің салт-дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Ұлттық бұйымдар» шарты: суреттер арқылы ұлттық бұйымдарды тауып атау керек.

27	«Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындар туралы түсініктерін қалыптастыру. Ұлттық ойындардың түрлерімен таныстыру, балалардың қызығушылығын арттыру.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Арқан тартыс» шарты: балалар екі топқа бөлінеді де арқан тастысады.
28	«Наурыз-жыл басы!»	Балалардың наурыз мерекесі туралы түсініктерін молайту. Халықтық салт – дәстүрді құрметтеуге баулу. Наурыз мерекесіне арналған тілектерін тыңдау, сөздік қорларын молайту.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау, тапсырмалар орындау.	«Күн мен түн» шарты: ойын бастаушы «күн» деп айтады, балалар орынынан қолдарын жайып тұрады, «Түн» деген кезде тез отырып қалады.
29	«Мен тандаған мамандық»	Әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту. Мамандықтарға байланысты сөздермен таныстыру және әр мамандықты айтып, сөйлем құрауға үйретуді жалғастыру. Әр түрлі мамандыққа қызығушылығын тудыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Мамандықтар» шарты: сурет бойынша мамандықтарды атау керек.
30	«Біздің батырлар»	Жер ғаламшары, бүкіл әлем, ғарыш туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Жаңылтпаштың көмегімен сөйлеу қарқынын өзгерте білуді дамыту. Сөздікті берілген тақырып бойынша кеңейту, толықтыру. Сөздерді байланыстырып айту, берілген сұрақтарға толығымен жауап беруге үйрету. Ерен еңбек иелерін құрметтеуге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Зымыран» шарты: сұрақтарға жауап беру арқылы зымыранды құрастырып шығу керек.
31	«Менің міндеттерім»	Балалардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру; өз міндеттерін білуге, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту; қызығушылықтарын арттыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Болады, болмайды» шарты: сұрақтарға жауап беру арқылы «болады», «болмайды» деп айту керек.
32	«Қауіпсіздік әліппесі» «Қарлығаш пен дәуіт» ертегі	Балаларға ертегі мазмұны арқылы қауіпсіздікті сақтауды, сақ болуды меңгерту. Ертегі мазмұнын айту арқылы ойлау, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын.	«Бұл кім?» шарты: ертегі әлемі кейіпкерлерінің суреттері берілген. Сол суреттердің ішінен осы ертегі кейіпкерлерін табу. Ертегінің мазмұнын түсіну.
33	«Достығымыз жарасқан»	Балаларға достық, ынтымақтастық сөздерінің маңыздылығын түсіндіру, Достық, татаулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достыққа қадірлей білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сурет бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Жылыулық шеңбері» шарты: балалар шеңбер бойымен тұрып, өз достарына допты лақтыру арқылы достық тілектерін арнайды.
34	«Жеңісті	9 мамыр Жеңіс күні туралы, Ұлы Отан соғысында	Түсіндіру, сурет	«Ұшақ»

	жырлаймыз!»	еліміздің, жерімізді жаудан қорғаған батыр ағаларымыздың ерлігін сурет бойынша әңгімелеу. Патриоттық сезімдерін дамыту. Отанын сүюге тәрбиелеу.	бойынша әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	шарты: балалар ұшаққа отырып, әуенмен ұшады, әуен тоқтаған кезде қонады. Ойын осылай көңілді жалғасады.
35	«Кішкентай көмекшілер»	Балаларға жәндіктер, олардың түрлері, өзіне тән ерекшеліктерін айту, білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын арттыру. Жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Шөпте не жорғалайды?» шарты: «не істейді?» сұрағына жауап береді. -Ара, шегіртке, құмырсқа, инелік, маса.
36	«Бізге қонаққа жаз келді!»	Балаларға жаз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Жазда пісетін жеміс- жидектер туралы айту. Ойындарды ойнауға қызығушылықтарын арттыру. Балаларға қойылған сурақтарға дұрыс жауап беріп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын молайту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ойын ойнау.	«Кім жылдам?» шарты: себеттің айналасында жемістер мен көкөністер аралас жатыр. Себеттің ішіне тек жемістерді жинап салу керек.

«Бала тілі –бал!» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.